

6. Оралбаева Н. Ұлттық тіл біліміміздің теориялық негізін қалаушы // «Жұбанов тағылымы – 4» республикалық ғылыми-практикалық конференция материалдары. - Ақтөбе: Қ.Жұбанов атындағы АМУ. - 2004. - Б.30–37.

**ҒТАМР 17.01.07**

## **ҒАЛЫМ Е.Қ. ЖҰБАНОВ ЗЕРТТЕУЛЕРІНДЕГІ ЭПОСТАНУ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

**Р.Р. ЖҰМАҒАЛИЕВА**

*Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, Ақтөбе қаласы,  
Қазақстан*

**Аңдатпа:** Бұл мақалада ғалым Е.Қ.Жұбановтың эпостануға қатысты ғылыми тұжырымдары, соның ішінде лиро-эпостық жырлардың жанрлық табиғатын танытуға қатысты пікір-көзқарастары талданады

**Түйінді сөздер:** эпос, эпостық жырлар, жанр, фольклор

**Аннотация:** В данной статье анализируются взгляды ученого Е.К.Жубанова на научные выводы эпосоведения, в том числе жанровую природу лиро-эпических поэм.

**Ключевые слова:** эпос, эпические поэмы, жанр, фольклор

**Annotation:** This article analyzes the views of the scientist E. K. Zhubanov on the scientific conclusions of epic studies, including the genre nature of lyro-epic poems.

**Key words:** epic, epic poems, genre, folklore

Халық ертегілері, айтыс, жыр-жоқтаулары, аңыз әңгімелері, мақал-мәтел, жұмбақ, жаңылтпаш тәрізді көркем сөз үлгілерінен жинақталған халық ауыз әдебиетін ғалым Е.Қ.Жұбанов өз еңбектерінде «ауызекі сөз өнері» немесе кейбір тұстарда «ауызекі көркем сөз үлгілері» деп келтіреді. Зерттеуші ХХ ғасырдың 60-70 жылдары ғылымда қолданысқа енген «Халық ауыз әдебиеті» деген терминнің өзіне қарсы ғылыми пікірлерін білдірген. Қазақта ауызекі түрде жеткен көркем сөз үлгілерін Қ.Жұбанов «Халық әдебиеті» деп атаған, С.Сейфуллин «Ескі әдебиет нұсқалары» деп келтіреді, ал өзге фольклор зерттеушілерінде «Ел әдебиеті» деп берілетіндігін өз көзқарасына дәлел етеді.

Сондай-ақ ғалым зерттеулерінде ауызекі көркем сөз үлгілерінің, соның ішінде тарихи аңыздар, шежіре сарындас желілі әңгімелер, ғажайып қиялдан туған ертегі үлгісіндегі мифтік сюжеттер тағы сол сияқты аралық мотивтерді сөз ететін, өлеңі мен қарасөзі аралас баяндаулар тек сырттай ғана жіктеліп, негізінен орыс фольклористикасының жүйесімен таптастырылып келе жатқандығы, жалпы халық әдебиетінің туындыларына деген көзқарастың өзі үнемі бір ізді, бір мақсатты болмағандығы қашанда назардан тыс қалмаған [1, 60].

Халық туындыларының әдебиетке тән көркемдік қасиеттері, олардың тілінен келтірілетін азды-көпті мысалдар байсалды лингвистикалық дерек мәртебесінде танылып, лайығымен бағаланған да емес дей келе халық әдебиетінің жанрларына байланысты өзіндік ғылыми тұжырымдарын топтастырады. Соның ішінде ғалымның эпосқа қатысты, жанр ретіндегі қалыптасу, даму сатыларын талдаудан туындайтын пікірлері бүгінгі қазақ эпостану ғыдымындағы өзгеше соқпақ, тың пікірлер деп айтуға болады. Эпостық жырлар – қазақ халқының сөз өнеріндегі ең бір күрделі сала. Әрине, өзге халықтар секілді қазақ эпосы да өзінің көркемдік-эстетикалық қуатымен, тарихи қисындылығымен ерекшеленеді. Эпос бір жылда, ширек ғасырда жасала салатын жанр емес, оның қалыптасуы тұтас бір дәуірді қамтиды және эпосты табиғатын анықтауды бір ғана белгісі бар деп те айта алмаймыз. Орыс эпостанушысы В.Я.Пропп осыған қатысты өз ойын былай келтірген: «Эпос не определяется каким-нибудь одним признаком, сразу устанавливающим его сущность. Он обладает целым рядом признаков, и только совокупность их дает правильное и полное представление о том, что такое эпос. Наиболее важным, решающим признаком эпоса является героический характер его содержания. Эпос показывает, кого народ считает героем и за какие заслуги. Определение, изучение характера, внутреннего содержания героичности и составляет главную задачу науки по отношению к эпосу» [2, 5]. Ал зерттеуші Е.Қ.Жұбанов халық әдебиеті үлгілерін эпосқа дейінгі жанрлар және эпос деп бөлу тұжырымын ұсынады. Өйткені «... халық әдебиетінің жанрлары жетіліп, түр мен мазмұн жағынан кемелденуіне байланысты тұрмыс-салт жырларының шағын формалары стиль тұрғысынан күрделеніп, көлемді жыр, толғау, өсиет, жоқтау типіндегі поэтикалық туындылар болып қалыптасты, олардың кейіпкерлері сомдалған образ кейпіне еніп, әлеуметтік салмағы жағынан жеке тарихи пенделер деңгейінен көтеріліп, ел қамын жеген қоғам қайраткерлері есебінде халық санасында қайта түледі. Нәтижесінде ертегінің тарихқа дейінгі батырлары бұдан былайғы жерде әсірелі қиял-ғажайып пішінінен арылып, халықтың жоқшысы, қорғаны сипатындағы қоғамдалған, типтік мазмұнға ие болды. Олар от басы, ошақ қасының «ерқаралары» болып қала бермей, отан қорғау, біртұтас ел болып ұрандасу, елдік, халықтық идеяларды армандау биігіне көтерілген сәтте реалды эпос қаһармандарына жуықтап, образ тұтастығы жағынан белгілі бір халықтың рухани мұратының адам пішімді кескінделген жинақы көрінісі болып, сол халықпен етене жасасатын мәңгілік бейнелерге айналды. .... Сөйтіп, халықтың ауызекі сөз өнері айдынды эпос мұраларын осылайша, немесе осыған жақын шығармашылық жолдармен қайта туғызып берді» [3, 61] дейді. Ғалымның өзіндік тіл қолданысындағы «ерқаралар» тіркесі эпосқа қатысты біршама жайтты аңғартады. Ертегідегі ауыл-аймақтың қамын жейтін батыр – ерқара, ал ол эпоста тұтас бір мемлекеттің, іргелі елдің батырына айналған, ендігі «ерқара» емес, нағыз халық сүйетін тұлға. Ал осы орайда жоғарыда пікірін

келтірген орыс фольклортанушысы В.Я.Проптың пікір мүлде басқа арнада өрбиді. Ол орыс тұрмыс –салт жырлары мен эпосының арасында ешқандай байланыс жоқ екенін шегелеп көрсетеді: «... былинный стих – явление более широкого порядка, чем героический эпос. Героический эпос всегда состоит из песен былинного стихотворного размера, но обратное утверждение не всегда будет правильным: не всякая песня в форме былинного стиха может быть отнесена к эпосу. ... не отнесем мы к эпосу также и песни балладного характера, как бы хороши и интересны они ни были, и хотя бы такие песни помещались в сборниках былин и исполнялись былинным стихом. ... не можем мы отнести к эпосу также некоторые эпические песни, носящие шуточный характер» [2, 8]. Міне, бұдан шығатын түйін Е.Жұбанов эпос тілі туралы ғылыми пікір саралағанда орыс эпостанушыларының көзқарастарын сол қалпында ала салудың үлкен қателіктерге ұрындыратынын ескертуі өте орынды деп білеміз.

Халық әдебиеті қорындағы аса бай мол саланың бірі – лиро-эпос жырлары. Қазақ фольклортану ғылымында бұл саланы арнайы зерттеген ғалым Ысқақ Дүйсенбаев өзінің «Қазақтың лиро-эпосы» атты ғылыми еңбегінде лиро-эпос жырларының қай мезгілде пайда болғанын кесіп айту қиын екендігін, өйткені олардың кезінде қағаз бетіне түспегенін және басқа да жөнді дерек сақталмағанын, тек ұрпақтан ұрпаққа ауызша айтумен жетіп отырғанын атап көрсетеді [4, 9]. Академик Ә.Марғұлан қазақ әдебиетінде ғасырлар бойы жарқын түре жырланып келе жатқан «Қозы көрпеш – Баян сұлу» жыры ең ескі аңыздардың бірі екендігіне, ол көне замандағы түркі-монғол тайпаларының арасында көп тараған бір ғажайып оқиғаның сюжеті болып табылатындығына тоқтала отырып, бұл аңыздың ең ескі дәуірдегі (б.э. III ғасыр бұрын) бейнесі алтыннан құйылған ескерткіш ретінде сақталғандығын айтады [5, 301]. Ал Е.Қ.Жұбанов лиро-эпос жырларына, соның ішінде «Қозы көрпеш – Баян сұлу» жырына қатысты өз ойларын тұжырымдағанда бұл көркем туындыны эпос дәстүрінде жасалған аса ірі тілдік ескерткіш деп атай отыра, осы жауһар туындының иегерлері болып есептелетін бірнеше түркі жұрттарын санамалайды, олар: алтайлықтар, ұйғырлар, башқұрттар, татарлар, қазақтар деп көрсететеді. Сондай-ақ осы аталған халықтарға ортақ бұл лиро-эпостың сюжеті әр халықта эпостың әр түрлі жанры болып қалыптасқан дегенге саятын пікірі өте маңызды әрі қызық. Мысалы, жырдың сюжеті алтайлықтарда батырлық эпос болып қалыптасса, башқұрттар оны ертегі дейді екен, ал қазақ үшін бұл лиро-эпос жыры болып табылатындығын көрсеткен [1, 63].

Қазақша жиырмадан астам нұсқасы бар ««Қозы көрпеш – Баян сұлу» жырына байланысты айтқан ғалымның тағы бір тың пікірі аталған эпостық туынды мәтініндегі кейбір өңірлік ерекшеліктеріне байланысты оны қазақ тілінің рулық-тайпалық тіл айрымдарының

белгісі, диалектілердің іздері ретінде қарастырудың ешқандай негізі жоқ екендігін, басқаны былай қойғанда бүгінгі тілімізде сақталған азын-аулақ диалектілік құбылыстар мен әр алуан жергілікті ерекшеліктерді салыыстыру керек болғанымен, эпос тәрізді жалпы халықтық туындыларды белгілі бір ру-тайпаның ғана еншісі ретінде қарастырудың теріс кадам екендігін айрықша танытады [1, 65].

Қазақ эпосының тілдік ерекшеліктерін ғылыми тұрғыда тыңғылықты зерттеген ғалым Е.Қ.Жұбанов сондай-ақ бұл асыл қазынаның көршілес халықтардың ауызекі сөз үлгілерімен етене байланысы бар екендігін назардан тыс қалдырмаған. Фольклор жанрлары арасында да ауыс-түйістер, өтпелі, аралық моменттер болып жататындығын көрсете келіп, оның себебі даму жолының ішкі заңдылығына, әр елдің өзіндік ерекшелігіне, салты мен дәстүріне сай болатындығына тоқталады. Мәселен, қазақ ауыз әдебиетінде эпос дәстүрі ертерек тоқтағандығы, ал лирика жанры одан гөрі дамыңқырып келген болса, көрші қырғыз елінде осының керісінше, эпос дәстүрі ұсақ-ұлан формаларды, жанрларды «жұтып» әкетіп, өз дамуын үдете түскендігі туралы ойлары қазақ эпосының жанр ретіндегі даму эволюциясына қатысты тың пікірлер болып қала бермек. Қазақ пен қырғыз фольклорының байланыстылығы жөніндегі ғалым пікірі одан әрі екі халыққа да ортақ «Ер Төстік» сөюжетіне қатысты өрбиді. Әдетте әр елдің фольклор шығармасының арасында сюжет ұқсастығы, идеялық мазмұнның бірлігі дегендер бола беретіндігін айта отырып, зерттеуші бізде ертегі, қырғызда эпос болып келетін «Ер Төстіктің» арасындағы қатынас бұдан өзгешерек екеніне көз жеткізе отырып, бұндағы жақындық белгілі бір фольклор материалының даму кезеңіндегі түрлі сатыларды меңзейтіндігіне апарып тірейді. Қазақ нұсқасында қара сөзбен баяндалатын ертегілік сюжет қырғыздарда жыр өлшемімен айтылған батырлық эпос. Алайда біздің халықтағы сол қара сөзбен айтылатын текстің кейбір тұстарында өлеңмен келетін жерлері қырғыз эпосына өте ұқсас екендігін ғалым мына мысалдар арқылы көрсеткен:

Ағай – хан қызы Кенжеке-ай, джаным,  
Астындағы Чалқұйрық, джаным,  
Ал өзуңе кут болсын джаным,  
Астындағы Чаар ингин, джаным,  
Ал өзуңе кут болсын джаным,  
Көш тарқаның қара бөз, джаным,  
Ал өзуңе кут болсын джаным...

Ғалым Е.Жұбанов дәл осы тармақтардың қазақ ертегісінде де қайталанатындығын келтіреді:

Сүйген жарың – Ер Төстік,  
Құтты болсын, Кенжекей,

Мінгенде атың – Шалқұйрық,  
Құтты да болсын, Кенжекей,  
Артқанда түйең – Құба інген,  
Құтты болсын Кенжекей,  
Кигенде сауытың – Ақсырмал,  
Құтты да болсын, Кенжекей...

Бастапқыда қара сөзбен айтылған сюжет уақыт өте келе эпостық дәстүрмен қайта жырланған. Қазақ фольклорында сол қара сөзбен айтылған күйінде, яғни қиял-ғажайып ертегісі түрінде қалған, ал қырғыздарда эпос дәстүрінің өміршеңдігінің нәтижесінде жырға айналған [1, 13] . Осы мәселеге қатысты ғылыми пікірлер белгілі фольклортанушы ғалым Р.Бердібайда да бар. Оның айтуынша, қаһармандық эпостың көп үлгілері ертегілерден пайда болған екен. Осы топқа ғалым «Еділ, Жайық», «Дотан батыр», «Құламерген», «Құбығұл», «Рауан батыр», «Мәлік батыр», «Арық мерген», «Әділ Зайыт», «Ер Бегзат» сияқты жырларды енгізеді. Сондай-ақ ертегілерде ежелгі дүниетанымнан туған сарын молырақ болса, эпоста олардың өгеріске түскен, дамыған, бертінгі дәуірдің тарихи танымдары араласқан түрлері басымырақ байқалатындығына ғалым ерекше мән береді. Ертегі кейіпкерінің мұраты үйлену, отбасының мүддесі деңгейімен шектелсе, эпос қаһарманы тайпалық, елдік істерге араласып, халық қамын ойларлық биікке көтерілетендігіне көңіл бөледі [6, 79]. Бұдан шығатын қорытынды профессор Е.Жұбанов эпос дәстүрінің көршілес халықтардағы даму заңдылығын қазақтың ауызекі сөз өнеріндегі үлгілермен салыстыру негізінде қорытынды шығарса, ғалым Р.Бердібай бастауын ертегі жанрынан алатын архаикалық эпосқа терең талдау жасаған.

Филология ғылымдарының докторы, профессор З.-Ғ.Қ.Бисенғали «Қазақ эпосының көркемдігі туралы ойлар» атты ғылыми еңбегінде эпос поэтикасы тәрізді аса күрделі мәселенің шешімін табу үшін тілдік, лингвистикалық материалдарды сараптамай алға қойған мақсаттарға жете алмайтындығымызды көрсете отырып, ғалым Е.Қ.Жұбановтың осындай өте қиын тақырыпқа қазақ фольклоры мен әдебиеттануында, тіл білімінде алғашқылардың бірі болып қалам тартқанын және терең ғылыми-теориялық деңгейде пікір айтқанына жоғары баға береді. Эпостық шығарма құрылымындағы прозамен берілетін көрініс, баяндау дамуының өрісін аңғартатын эволюциялық жол Е.Қ.Жұбанов еңбектерінде жақсы айтылатындығын, оны ғалымның ежелгі әдебиет тарихындағы прозада байқалатын құбылыстарға талдау жасау үстінде көрсететіндігін атап өтеді. Сондай-ақ профессор З.-Ғ.Қ.Бисенғали аталған еңбегінде Е.Жұбановтың эпоста кездесетін прозалық қыстырмалар

туралы ойлары көп жағдайда М.Әуезов пікірлерімен сабақтасатындығына қатысты өз ғылыми тұжырымдарын ұсынады [7, 209].

Міне, рухани құнды қазынамыз саналатын эпостық жырлардың көркемдігін зерттеуде профессор Е.Қ.Жұбанов өз ғылыми көзқарастары мен пікірлері арқылы қазақ эпостануына соны соқпақ, тың жаңалықтар әкелді. Оның еңбектері аталған ғылым саласынан өзінің орнын әлдеқашан алған, сондықтан болашақта орындар жобалар мен жұмыстарда ғалым идеялары қашан да басшылыққа алынатындығына еш шүбә келтірмейміз.

### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Жұбанов Е. Қазақтың ауызекі көркем тілі. Алматы: Ғылым, - 1996. – 200 б.
2. Пропп В.Я. Русский героический эпос. Москва: Наука, - 1958. – 603 б.
3. Жұбанов Е.Қ. Халық әдебиеті тілін оқытудың лингвостилистикалық аспектері. Ақтөбе - 2003. – 96 б.
4. Дүйсенбаев Ы. Қазақтың лиро эпосы. Алматы: Ғылым, - 1978. – 150 б.
5. Марғұлан Ә. Ежелгі жыр, аңыздар. Алматы: Жазушы, - 1985. – 868 б.
6. Бердібай Р. Бес томдық шығармалар жинағы. Бірінші том. Алматы: Қазығұрт, - 2005. – 464 б.
7. З.-Ф.Қ. Бисенғали. Қазақ эпосының көркемдігі туралы ойлар // Қазіргі әдебиеттану мен фольклористиканың теориялық және методологиялық мәселелері. Екінші халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдарының жинағы. –Алматы. -2007ж. – Б. 58-63

**ҒТАМР 16.21. 55.**

### ҚАЗАҚТЫҢ АУЫЗЕКІ КӨРКЕМ ТІЛІН ЗЕРТТЕУШІ

**Н.А.САДУАҚАС**

*Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, Ақтөбе қаласы,  
Қазақстан*

**Аңдатпа.** Мақала қазақ фольклорының тілін лингвостилистикалық аспектіде зерттеген ғалым, Е.Қ. Жұбановтың ғылыми шығармашылығы туралы жазылған.

**Түйінді сөздер:** Әдеби тіл, сөйлеу, фольклор, диалект, эпос, халық әдебиеті, жер-су атаулары, жазба тіл.

**Аннотация.** Статья о научном творчестве Е.К.Жубанова, исследовавшего язык казахского фольклора в лингвостилистическом аспекте.

**Ключевые слова:** Литературный язык, речь, фольклор, диалект, эпос, казахская литература, топонимика, письменный язык.